

А.К. Рауандина , С. Самархан * 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Sanakjan_87@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПЕРИФРАЗДЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада тіл біліміндегі көркемдік тәсілдің айырықша түрі – перифраз туралы сөз болады. Аталған бейнелеу тәсіліне қатысты шетел ғалымдары мен отандық ғалымдардың зерттеулері, ғылыми мақалалары жан-жақты талданған. Тілші ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар бүгінгі күн тұрғысынан бағамдалып, перифраздардың өзіндік белгілері сараланды. Қазақ тілінің сөздік құрамын зерттеген ғалымдар перифразды көріктеуіш тәсілдермен сабақтастыра зерделеген. Ғалымдардың басым бөлігі перифраздарды мазмұндық және құрылымдық сипаттары бойынша метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, табу, сөз тіркесі, күрделі сөздер мен фразеологизмдерге қатысты ортақ және ерекшеленетін қырлары тұрғысынан ғылыми талдауды қажет етеді деп пайымдайды. Қазіргі кезде қарым-қатынаста ойды ықшамдап жеткізу үшін және ана тілінің көркемдігін таныту үшін тілдік оралымдарды астарлы мағынада қолданылатын перифраздарды қолдану маңызды.

Абай шығармаларындағы перифраздар мысалға алынып, ойды құбылтып жеткізудегі маңызы көрсетілді. Болашақ филолог мамандардың перифраз ұғымы туралы түсініктерін анықтау мақсатында сауалнама әдісі арқылы зерттеу жүргізіліп, нәтижесі сипатталды және қорытынды жасалды. Экспериментке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6B01701 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс білім алушылары қатысып, респонденттер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 3 топ, 66 білім алушы қатысты.

Түйін сөздер: перифраз, перифраза құбылысы, ауыспалы мағына, көріктеуіш құрал, теңеу, зерделеу.

A.K. Rauandina, S. Samarkhan*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Sanakjan_87@mail.ru

Methodological Aspects of Teaching Paraphrasing as a Tool for Enhancing University Students' Communicative Skills

This article examines periphrasis as a distinct stylistic device in linguistics. It provides a comprehensive analysis of both international and Kazakh scholarly research on periphrastic expressions. The study evaluates linguists' conclusions from a contemporary perspective and identifies the defining features of periphrasis. Researchers who have investigated the lexical structure of the Kazakh language link periphrasis with various expressive means. Most scholars argue that periphrasis requires further scientific analysis, particularly in relation to metaphor, metonymy, synecdoche, euphemism, taboo, word combinations, compound words, and phraseological units, based on shared and distinctive semantic and structural characteristics. In modern communication, periphrasis plays a significant role in conveying meaning concisely while enhancing the aesthetic quality of the language.

The article compares key scholarly definitions and interpretations of periphrasis, demonstrating that its boundaries with other linguistic units remain insufficiently defined. Examples from Abai's works illustrate the function of periphrasis in expressing ideas figuratively. To determine future philology specialists' understanding of the concept of periphrase, a survey was conducted, and its results are described and concluded. 66 students from Abai Kazakh National University participated in the survey, studying the "6B01701 – Kazakh Language and Literature" program.

Keywords: periphrasis, the phenomenon of periphrasis, figurative meaning, stylistic device, epithet, study.

А.К. Рауандина, С. Самархан*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: Sanakjan_87@mail.ru

Методические аспекты обучения перифразам как средство развития коммуникативных навыков студентов высших учебных заведений

В статье рассматривается особый вид художественного приёма в обучении языкознанию – перифраз. Комплексно проанализированы исследования и научные статьи зарубежных и отечественных учёных, посвящённые этому изобразительному средству. Выводы, сделанные лингвистами в их трудах, переосмыслены с позиции современности, а также определены характерные признаки перифразов. Учёные, изучавшие словарный состав казахского языка, рассматривали перифраз в связи с различными выразительными средствами. Большинство исследователей полагают, что перифразы требуют научного анализа с точки зрения общих и отличительных черт, которые связывают их с метафорой, метонимией, синекдохой, эвфемизмом, табу, словосочетаниями, сложными словами и фразеологизмами, а также с их содержательными и структурными свойствами. В настоящее время использование перифразов, применяемых в переносном, образном значении, имеет важное значение как для лаконичного выражения мысли в общении, так и для раскрытия выразительности родного языка.

На примере перифразов в произведениях Абая показано их значение в передаче мысли посредством смысловых преобразований. В целях выявления представлений будущих филологов о понятии «перифраз» было проведено исследование методом анкетирования, описаны его результаты и сформулированы выводы. В анкетировании приняло участие 66 студентов Казахского национального университета им. Абая по образовательной программе «6B01701 – Казахский язык и литература».

Ключевые слова: перифраза, явление перифразы, переносное значение, выразительное средство, сравнение, исследование.

Кіріспе

Қазіргі мәдени-әлеуметтік өркениетте әр халықтың ана тілінің негізінде толығып, кемелденіп отыратын әдеби тілінің қолданыс аясының кеңдігін танытуда көріктеу құралдарының бірі – перифраздың маңыздылығы қашанда жоғары болған. Тіл философиясында, әдебиеттануда, аударма теориясында, лингвистикада, шетел тілдерін оқытуда, музыка саласында кеңінен қолданылып келе жатқан бұл терминнің айтылу ерекшеліктеріне қарай өзіндік қызметі бар. Қазақ лингвист-ғалымдары перифразаларды мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан семантикалық-стистикалық тілдік бірліктерге – метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, табу, сөз тіркесі, күрделі сөздер мен фразеологизмдерге қатысты ортақ әрі айырым белгілерін ғылыми тұрғыда жан-жақты талдауды қажет етеді деп пайымдайды. Әдебиеттанушы ғалым З. Ахметов (1998) перифразаның мәтіннің мазмұндық-эстетикалық және көркемдік-танымдық ерекшелігін арттыратын, семантикалық экспрессиясын, көркемдік әсерін тереңдететінін айтады.

Қай халықтың болмасын эмоциялық мазмұны терең бейнелік тіркестерінің өміршеңдігі оның қолданыстарынан байқалады.

Осындай образды көркем сөздердің қатарына перифраздарды енгізу тіл білімінің зерттеу аясын кеңейте түседі. Ғылыми еңбектерде «перифраз» термині тілдік құбылыстардың бірі ретінде қарастырылғанымен оның лингвистикалық мәнінің толық зерттелмегендігі, перифрастикалық тіркестердің қай тілдік деңгейге жататыны, перифраздың тіл білімінің қай саласына тиесілі зерттеу нысаны екені айқын еместігі айтылады. Сондықтан қазіргі жаңа зерттеулерде оның ұғымдық аймағын анықтау перифраздың лингвистикалық табиғатын түсінуге, оны басқа ұқсас тілдік құбылыстардан ажыратуға көмектеседі. Перифраз – ежелден бері түрлі жанрлардағы мәтіндер мен тілдік стильдерде қолданылып келе жатқан мәнерлі тілдік бірлік. Көркемдік-эстетикалық мәні жоғары перифразалық қолданыстардың кеңінен таралып, көпшілікке белгілі болуы олардың функционалдық әлеуетінің жоғары болуымен байланысты. Перифраз негізінен көркем стильдің бейнелеуіш тәсілі ретінде қарастырылғанымен, оның қолданылу өрісі бұдан да кең ауқымды қамтиды. Сондықтан біздің зерттеуімізде шетелдік еңбектерде тұжырымдалған ой-пікірлерді саралай отырып, күнделікті қарым-қатынаста ойды көркемдеп жеткізу үшін астарлы мағынада қолданылатын периф-

раздарды теориялық талдап, практикалық бекіту қарастырылады.

Ой талғамы мен сөз салмағын теңдей тізгіндеген қазақ халқының тілі көркем, бай болғанымен, бүгінгі таңда «бөтен сөзбен былғанып» жұтанданып, мәнерлілігі азайып бара жатқаны жасырын емес. Жастардың тілдік қолданысы шұбарланып, қысқа қайырылатын сөздер мен ықшам сөз тіркестерін көптеп қолданатын деңгейге жетті. Жаһандану дәуірі мен өзгермелі өмірдің қарқынды ықпалының салдарынан тез, қысқа сөйлеуге бейім жас ұрпақтың тілінде мәнерлілік пен бейнелілік біртіндеп әлсіреп барады. Олай болса, перифраз қолданыстардың жазба әдебиеті мен ақын-жазушылардың тілінде қалып қою қауіпі күшейіп, шебер де шешен сөйлей алатын сөз ұстар келешек жастардың сиреуі білім беру саласының мамандарымен қоса бүкіл қоғамды алаңдатып отыр. Осыған орай перифраздың тілдік бірлік ретіндегі мәнділігі, оны зерттеудің өзектілігі айқындала түседі.

Көркем әдеби шығармаларда тіл айырықша экспрессивтік және эстетикалық қызметке ие. Әдеби шығармаларда адамның жан дүниесі мен сезіміне әсерлілігін күшейту мақсатында тілдік бірліктер тура мағынада айтылмай, ауыспалы, астарлы мағынада ұсынылады. Демек, көркем әдебиет тілі – сан алуан реңкті, бейнелі сөздер арқылы адамның сезімін тербейтін көркемдік құндылығы жоғары сөз өрнегі. Әдебиетте қолданылатын көріктеу-айшықтау құралдары көркем бейне жасаудың, ойды әсерлі етіп құраудың, ақын-жазушылардың шеберлігі мен шешендігінің көрсеткіші болып табылады. Лингвистикалық зерттеулерде айтыла қоймайтын айшықтау түрлерінің бірі – перифраздар. Ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында перифразаларға қатысты зерттеулердің әлі де болса кенжелеп жатқаны, оның тілдің қай аспектісіне жататыны анықталмағаны байқалды. Кейбір әдебиеттерде перифразды фразеологияның аясында қарастырса, келесі әдебиеттерде синтаксиске байланысты зерттейді.

Қазіргі әлемдік лингвистикалық және әдебиеттанушылық зерттеулерде перифраздың пәндік және ұғымдық аясы дәйектелген біршама анықтамалар бар. Перифраздың функционалдық аспектісі де зерттеушілер назарынан тыс қалмайды, алайда оның негізгі қызметтерін анықтауда ортақ пікір жоқ. В.П. Москвин (2006) перифразды теориялық тұрғыдан тұжырымдауда жауаптарға қарағанда ашылмаған сұрақтардың әлі де көбірек кездесетіне тоқталады. Әртүрлі

стильдер мен жанрлар мысалында перифрастикалық өрнектердің қызметтері Ю.Е. Чередниченконың (2021) еңбектерінде талданады және олардың ішінде аңызды деп номинативтік, бағалаушы, стиль тудырушы, алмастырушы, бейнелеуші, ойындық, сипаттамалық және түсіндірмелік қызметтерді атап көрсетіледі. Біздің ойымызша, аталған қызметтер өзара қиылысып, тілдік реңк береді. Сөйтіп, перифразалар сөйлеу жағдайларына тез бейімделетін тілдік құрал болғандықтан олардың қызметтері қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес кеңейіп, дамып отырады. Ендеше, қазақ тілі білімінде ғана емес, әлемдік лингвистикада стилистикалық табиғатына сай қолданылатын перифразаларды тілдің айқындылық, дәлдік, ықшамдылық, әсерлілік тәрізді ерекшеліктерін танытатын лексикалық бірліктер жүйесі ретінде танимыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында ғылыми-теориялық әдебиеттерде пайымдалған ой-пікірлерді талдау, дәйектерді салыстыру, саралау, абстракциялау, жинақтау сияқты теориялық әдістер қолданылды. Бұл әдістерді қолдану перифраза құбылысының табиғатын танып, тілдік-құбылыстық ерекшелігін анықтауға, зерттеліп отырған тақырыптың белгісіз жақтарын ашып, мәселенің өзектілігін айқындауға негіз болды. Тәжірибелік бөлімде сауалнамалық сұрақтар әзірлеп, зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес тәжірибелік-эксперимент жүргізу, оның нәтижелерін статистикалық-математикалық өңдеп талдау, дәлелдеу және қорытындылау сияқты эмпирикалық әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы дүниежүзінде перифраздарды зерттеу мәселесін көтеріп, осы бағытта ізденіс жасап жатқан лингвист-ғалымдардың қатары артып келеді. Зерттеу тақырыбына қатысты Л.В. Грехневаның (1999) «Перифраза лингвистикалық құбылыс ретінде (XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы орыс әдебиеті материалында)» деген еңбегі, Т.И. Бытееваның (2000) «Перифраза тілдің экспрессивті бірлігі ретінде: семантикалық ерекшеліктері жайында», А.И. Сининаның (2012) «Қазіргі ағылшын тілді публицистикадағы перифразаның когнитивтік-семантикалық және функционалды-прагматикалық ерекшеліктері» атты зерттеу еңбектері

жарық көрген. Бұл зерттеулерде перифраз нақты бір құбылысты бейнелі қабылдау үшін басқа бір сөзбен немесе сөз тіркестерімен алмастырып айтылатын және сөйлем ішіндегі ерекше назар аударылатын сөзді айрықша бөлектеп айтуға құрылған стилистикалық тәсіл ретінде қарастырылады.

Қазіргі лингвистика мен әдебиеттануда перифраз феноменіне және перифраздау үдерісіне қызығушылық көп болғанымен бұл тілдік құбылыс туралы әртүрлі сипаттағы еңбектердің көптігі перифраздауға қатысты ғылыми көзқарастың бірізділігін қалыптастырмай отыр. Т.И. Бытева, В.П. Москвин, И.Г. Бескоровайная, В.С. Соловьева, М.А.Сиривля және т.б. зерттеушілер көбіне «перифраз» ұғымын түсіндіруге басымдық береді және оны тілдің бейнелеуіш құралдарына жатқызады. Ғылыми пікірлерге жүгінсек, перифраздар ойды басқа сөздермен баяндау үшін қолданылады. Мысалы, *орман аруы – шырша, аң патшасы-арыстан, жан азығы-кітап* және т.б. перифраздық оралымдардың қолданылуы белгілі бір қызметтер атқарады. «Перифраз» термині әр халықтың мәдениеті мен дүниетанымдық бейнесіне негізделіп, құрылымында мағыналық және бейнелік компоненттері бар тұрақты ерекше тіркестер болғандықтан халықтың ұлттық болмысын, тарихын, тұрмысын, дүниетанымын бейнелейтін мәдени компонентті қамтиды және тілдің дәстүрлі номинативтік құралдарының бірі болып табылады. Мысалы, *түн шырағы- ай; музалардың сүйіктісі – ақын; жүрек жалыны – махабат; өмірдің кеші – кәрілік. Сондай-ақ кеңінен қолданылатын публицистикалық перифраздарға ақ халатты жандар – дәрігерлер сияқты тіркестер жатады.*

Шетелдік лингвистикада адамның бір ойды әртүрлі тәсілмен жеткізе білу қабілетін мағынаны толық меңгерудің маңызды шарты ретінде В.Г. Гак, А.П. Евгеньева, А.К. Жолковский, И.А. Мельчук, Ю.Д. Апресян қарастырған. Перифраздауды үйретудің маңыздылығын Ю.Д. Апресян (1970) ойды мазмұнын өзгертпей, әртүрлі тәсілмен жеткізе білу шеберлігін перифраздау деп атайды. «Егер сөйлеушінің әр ойды жеткізудің тек бір ғана тәсілі болса, демек, ол оны жаттап алған және тілді нашар меңгерген; керісінше, ол тілдің сөздік қоры мен грамматикасын қаншалықты жақсы білсе, қажет жағдайда өз ойын соншалықты оңай перифраздай алады», -деп ғалым сөйлеуде әртүрлі лексикалық және грамматикалық синонимдік құрылымдар-

ды қолдануды тіл меңгеру деңгейімен айқындайды.

Перифраздың алмастырушы рөлі белгілі бір жағдайларда тікелей атауды қолдану қажетсіз немесе тіпті тыйым салынған кезде жүзеге асады. Мұндай жағдайда перифраз эвфемизм рөлін атқарады. Эвфемизм – хабардың мазмұнын жұмсарту, бүркеу немесе сыпайы түрде жеткізу үшін қолданылатын сөзді шифрлау тәсілі. Мысалы, өлім немесе қайтыс болу ұғымын жеткізу үшін жиі қолданылатын перифраз-эвфемизмдер: *о дүниеге аттану, мәңгілікке кету, соңғы күнін аяқтау* және т.б. Сонымен қатар перифраздардың арасында дисфемизм қызметін атқаратын түрлері де бар, яғни қасақана дөрекі не теріс әсер қалдыратын тіркестер: *тұяқ серпу* т.б. Екі жағдайда да перифраз нысанды тура атамай, оны жанама түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Перифраздардың номинативтік, сипаттамалық және бейнелеу (экспрессивтік) сияқты функциялары оның басты белгілерін айқындайды. Бір немесе бірнеше функцияның қатар жүзеге асуы перифраздың сөйлеудің бейнелі құралы болып қалуын және сөйлеушінің әртүрлі коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандырады. Лингвистикалық және әдебиеттанушылық еңбектерде перифразға тән басқа да көптеген функциялар жеке түрде сипатталады, алайда біздің ойымызша, олардың барлығы жоғарыда аталған үш негізгі аспектінің тармақты көріністері ғана. Мысалы, **эвфемистік** және **синонимдік** функциялар-перифраздың номинативтік табиғатынан туындайды; **түсіндірмелік** функция – сипаттамалық аспектінің көрінісі; ал **бағалауыш, экспрессивтік, ойындық** және **манипулятивтік** функциялар перифраздың бейнелеу (экспрессивтік) қырымен тығыз байланысты болады. Ғылыми айналымдағы осындай зерттеулерге сүйене отырып, қазақ тіл біліміндегі перифраздардың қолданылуы туралы айтылған пікірлерді жинақтап дәйектейміз.

Перифраздар қазақ тіл білімінде кең көлемде тек 90-жылдардан бастап, арнайы зерттеу нысанына айналды. Бұған дейін бұл мәселе жанжақты қарастырылғанымен, қазақ әдеби тілінде, публицистикада және шешендік сөздерде перифраздың жиі қолданылатынын байқауға болады. Сол себепті бұл құбылыстың тілдік табиғаты мен қызметін талдауға арналған еңбектер біртіндеп көбейе бастады.

Перифраза – белгілі бір затты, құбылысты немесе процесті тура атамай, оны бейнелі түрде өзгеше атаумен білдіру тәсілі. Бұл амал жазушы

тілінде де, шешендік сөзде де жиі кездеседі. Ғалымдар перифразаға әртүрлі анықтама береді. Мәселен, Т. Қоңыров (1966) перифразды заттың немесе құбылыстың бір қасиетін негізге алып, оны басқа атаумен бейнелі сипаттау амалы деп түсіндіреді. Оның пікірінше, перифраз белгілі бір объектінің ерекше белгісін алға шығарып, оны көркем жеткізуге мүмкіндік береді.

Қ. Мұхамеджанов (1968) перифразды сөздердің ауыс мағынаға ие болуымен байланыстыра отырып, бұл тәсіл нысанның өзіне тән белгілері негізінде жасалатынын айтады. Ал, К.Шәменов (1959) перифраздың кей жағдайда астарлы мағына тудыратынын, тіпті аллегориялық немесе сатиралық реңк бере алатынын атап өтеді. Ғалым Балли (1961) перифразды белгілі бір ұғымды басқа сөзбен алмастырып, оны қайталап жеткізудің бір үлгісі ретінде қарастырады. З.Қабдолов (1970) перифразды «қайта айту» немесе «өзгеше түрде жеткізу» тәсіліне жатқызып, оның көркемдік қызметін ерекше атап өтеді. Профессор Ә.Болғанбаев (1962) синонимдермен тығыз байланысты қарастырып, белгілі бір сөздің орнын басқа атаумен алмастыру арқылы оның мағынасын нақтылай түсуге болатынын көрсетті.

Қазақ тіл біліміндегі маңызды зерттеулердің бірі – 1996 жылы Г. Үсенбаева қорғаған кандидаттық диссертациясы. Ғалым «Перифраздың тілдік табиғаты» атты еңбегінде перифраздың құрылымдық және семантикалық білгілерін жан-жақты ашып көрсетеді. Ол перифраздың жасалуына әсер ететін метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, синонимдік қатынас, етістік тұлғалары сияқты тілдік тәсілдерді негізге ала отырып, бұл құбылыстың табиғатын тереңірек талдайды. Автор перифраздың біртұтас жүйе ретінде қалыптасуына әсер ететін тілдік модельдерді айқындап, олардың қызметін нақты мысалдар арқылы түсіндіреді. Сонымен қатар зерттеуші перифраздың фразеологиялық бірліктермен байланысын да қарастырып, оның стилистикалық қызметін анықтайды. Г.Үсенбаева(1995) перифразды құрылымдық-семантикалық сипатына қарай бірнеше топқа бөледі және олардың көркем мәтіндегі рөлін көрсетеді.

Перифраз мәселесіне байланысты Г.Амандыкова (1999) да өз еңбегінде қазақ көркем сөзіндегі перифраздардың табиғатын қарастырып, оның мағыналық түрлерін жүйелейді. Ғалым 1960-1980 жылдар аралығындағы әдеби туындыларды талдап, перифраздың авторлық стиль қалыптастырудағы қызметін анықтайды.

Перифраздарды зерттеген тағы бір ғалым – Р.Сыздық (1968). Ол перифраздың көркем шығармадағы қызметін сөз етіп, оның тілдік табиғатын Абай шығармаларымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Ғалымның «Абай шығармаларының тілі» атты еңбегінде перифразалардың сипаты, олардың жасалу жолдары мен мәтіндегі орны жан-жақты талданды. Лексиколог Ф. Қалиев (2005) перифраз ұғымын бірнеше тұрғыдан сипаттайды. Ғалымның пікірінше, перифраза біріншіден, сөздің тура мағынасын өзгертпей, оны басқа формада түсіндіру арқылы жеткізу тәсілі ретінде көрінеді, яғни мәтінде авторды немесе белгілі бір затты айналып айту – перифраздың негізгі сипаттарының бірі. Екіншіден, перифраз белгілі бір сөздің орнына оны ауыстыра алатын, соның ауыс мағынасын білдіретін сөз тіркестерін қолдануға негізделеді. Мысалы: арыстан – аң патшасы, жолаушы – жол адамы, ұрлық – қолды болу сияқты атаулар осы тәсілге жатады.

Академик Өмірұзақ Айтбайұлы (2013) «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» атты еңбегінде перифразды көркем образ жасаудың амалдарына жатқызып, оның синтаксистік құрылымына назар аударады. Ғалым перифраздың троптық табиғатын ашу үшін оны поэтикалық бейнелеу құралдарымен байланыстыра зерттейді. Айтбайұлының пайымынша, перифраздың жасалуында ауыспалы мағына, метафоралық үндестік, экспрессивтік реңк, сондай – ақ авторлық бағалауыштық қатынас маңызды рөл атқарады. Сондықтан перифраз тек сөздің орнын басу емес, оның жаңа реңкте бейнеленуімен ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде перифраз мәселесіне қызығушылық танытқан зерттеушілердің бірі – К. Күркебаев (2018). Ол перифразды номинативтік сипаттағы тілдік бірлік ретінде қарастырып, өзінің еңбегін осы бағыттағы зерттеулерге арнаған. Зерттеуші перифраздың тілдегі атау жасау қызметін көрсетіп, оның белгілі бір нысанды жанама түрде танытатындығын атап өтеді. Ж. Есімова (2015) бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездесетін перифраздардың тілдік табиғатын зерттей отырып, олардың коммуникативтік қызметін ашып көрсетеді. Ғалым перифраздың медиа-мәтіндегі прагматикалық ерекшеліктерін сөз етіп, оның қысқалық пен ықшамдыққа негізделгенін дәлелдейді.

Қ.Ө.Есенова мен К.С. Кобландина (2023) қазіргі медиамәтіндердегі перифраздардың жиілігі артып келе жатқанын айта отырып, олардың прагматикалық, стилистикалық қызметтерін жүйелейді. Зерттеушілер перифраз-

дың мәтін мазмұнын ықшам жеткізумен қатар, автор позициясын меңзеу немесе белгілі бір заттың қызметін нақтылау сияқты қосымша міндет атқаратынын атап көрсетеді. Перифраза – бір нәрсені немесе құбылысты тура атамай, оны басқа сөзбен бейнелеп жеткізетін тәсіл. Яғни, заттың немесе құбылыстың бір белгісін атап, сол арқылы оның өзін меңзеп айту (*Салқынбай & Абақан, 1998*).

Шетелдік және отандық ғалымдардың ой-пікірлерін талдап тұжырымдау жалпы қазақ тіл білімінде осы бағытта жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының көп екендігіне қарамастан, перифраздың бүгінгі күнге дейін зерттеле қоймаған тұстары бар екендігін көрсетеді. Біз ұсынған зерттеулерде біраз пікір бір болғанымен перифраздың тілдік қолданысы, оның тіл біліміндегі рөлі әлі күнге дейін толық шешімін таппағанын көрдік.

Біздің тұжырымдауымызша перифраз дегеніміз – белгілі бір затқа, құбылысқа, үдеріске суреттемелі ат қоюда қолданылатын лингвистикалық бірлік. Өйткені оның сыртқы бейнесі міндетті түрде фразеологизмнен болады, екіншіден, оның семантикасында өзгешелік болады. Біріншісін жалпы тілдік, екіншісін стильдік құбылысқа жатқызуға болады. Перифраз жасалғанда көбіне тура мағынадағы сөздер емес, сол сөздің мәнін ашатын басқа тіркестер қолданылады. Кейбір мағыналар тек перифраза арқылы ғана емес, басқа тілдік тәсілдер арқылы да көрініс табады. Мысалы: метонимия, метафора, синекдоха секілді тәсілдер қолданылады, ал кейде эвфемизм мен табу да мағынаны жанама түрде жеткізеді. Яғни, перифраза тек жеке тәсіл емес,

ол басқа бейнелеу құралдарымен бірге қарастырылғанда толыққанды бірлікті құрай алады. Сонымен қатар, тура мағынадағы сөздің орнына бірнеше сөзден құрылған сипаттама қолданылып, белгілі бір ұғымды бейнелеп жеткізу жиі кездеседі. Затты не құбылысты өз атымен тура атамай, құбылтып қолдану Абай шығармаларында жиі кездеседі.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін бағамдау мақсатында тәжірибелік зерттеу жүргізілді. Экспериментке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6B01701 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс білім алушылары қатысып, респонденттер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 3 топ, 66 білім алушы қатысты. Білім алушылармен әңгіме өткізіліп, қазақ тіл біліміндегі перифразалар және олардың маңыздылығын түсіну, күнделікті өмірде қолдану мүмкіндіктерін анықтау мақсатында мақсатында төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. Перифразалар деген не?
2. Перифразаларды оқыту маңызды деп есептейсіз бе?
3. Перифраза құбылысын арнайы түсіндірудің қажеттілігі бар ма?
4. Перифраза мен ұлттық құндылықтардың байланысы бар ма?
5. Өзіңіз ойыңызды жеткізуде перифразаларды қолданасыз ба?
6. Перифраз құбылысын оқытуға қатысты өз ұсынысыңыз...

1-кесте – Білім алушылардың перифраза құбылысының маңызын түсіну дәрежелерінің көрсеткіші

№	Білім алушылардың түсініктері	Толық түсінетіндер	Жартылай хабары барлар	Мүлде хабары жоқтар
1.	Перифраза ұғымына анықтама бергендер	44	22	-
2.	Перифразаларды оқыту маңызды деп есептейтіндер	37	22	7
3.	Перифраза құбылысын арнайы түсіндірудің қажеттігін саралай алғандар	19	36	11
4.	Перифраза мен ұлттық құндылықтардың байланысы түсінетіндер	11	34	21
5.	Өзіңіз ойыңызды жеткізуде перифразаларды қолданасыз	16	39	11
6.	Перифраз құбылысын оқытуға қатысты нақты ұсыныс білдіргендер	21	29	16

Білім алушылардың арасында жүргізілген сауалнамаға жасалған талдау нәтижесі мынаны көрсетті:

1. Перифраза ұғымын түсініп, дұрыс анықтама берген білім алушылар 60% екені белгілі болды. Қалған 40% білім алушы перифраза ұғымы туралы хабары болғанымен, мәнін толық түсінбегендер болды.

2. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың басым бөлігі перифразаларды оқытуды маңызды деп есептегенмен (56%), біразы (33%), оқытудың мәнін толық түсінбейді. Ал 10% білім алушы мүлдем пікір білдірмеген.

3. Перифраза құбылысын арнайы түсіндірудің қажеттігін саралай алғандар 29%-ы құраса, көбісі (54%) түсіндірудің қажеттігін

толық түсінбейді, ал 16% -ы ол туралы ойламаған.

4. Білім алушылардың 16%-ы ғана перифразалар мен ұлттық құндылықтардың байланысын түсінсе, басым бөлігі (51%) олардың ұлттық құндылықтармен байланысын ашуға толық көңіл бөлмейтіндіктері анықталды. 32 % білім алушы олардың байланысын мүлдем түсінбейтіні анықталды.

5. 24% білім алушы өз ойын жеткізуде перифразаларды үнемі қолданса, 59% -ы үнемі қолдана бермейтінін көрсетті. Ал 16% мүлдем қолданбайды.

6. Перифраз құбылысын оқытуға қатысты нақты ұсыныс білдіргендер 32% болды (сурет 1 а, ә, б)



1-сурет – Білім алушылардың перифраза құбылысын түсінуінің пайыздық көрсеткіші

Зерттеу барысында Абайдың “Қыс” өлеңіндегі перифраздарды талдауға төмендегідей бірнеше тапсырма ұсынылды.

1. Мәтіндегі перифраздарды анықтауға ұсынылған тапсырма. Өлең жолдарындағы перифраздарды тауып, олардың мағынасын жазыңыз:

- Қыстың бейнесіне қатысты перифраздар.
- Аязға қатысты перифраздар.
- Табиғат көрінісін беретін перифраздар.

2. Перифраздың көркемдік қызметін түсіндіруге арналған тапсырма. Төмендегі перифраздардың қандай поэтикалық қызмет атқаратынын үш аспектіде (адам кейпінде, метафора, ұлттық мәдени код) талдаңыз:

1. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»
2. «Кәрі құдаң – қыс»
3. «Үшпадай бөркін киген»
4. «Соқыр мылқау танымас тірі жанды» (2-кесте).

2-кесте – Перифраздардың қандай поэтикалық қызмет атқаратынын үш аспектіде (адам кейпінде, метафора, ұлттық мәдени код) талдаңыз

Перифраз	Антропоморфизация	Метафора	Ұлттық мәдени код
Ақ киімді, денелі, ақ сақалды	+	+	+
Кәрі құдаң – қыс	+/ішінара	+	+++
Үшпадай бөркін киген	+	+	+++
Соқыр мылқау танымас тірі жанды	+	+	+/ішінара

3. Перифразды мәтіннен ажыратуға бағытталған тапсырма. Берілген сөз орамдарының қайсысы перифраз, қайсысы эпитет, қайсысы метафора екенін анықтаңыз:

1. «ақ қырау»
2. «кәрі құда»
3. «үшпадай бөрік»
4. «үсті-басы ақ қырау»
5. «демалысы үскірік аяз бен қар»

Негіздемесін көрсетіңіз.

4. Абай перифраздарының ұлттық танымдағы орнын анықтауға арналған тапсырма. Абайдың қысты «кәрі құдаға» теңеуіне кемінде 8–10 сөйлемдік талдау жазыңыз:

- қазақ дүниетанымындағы «құда» ұғымымен қалай байланысады?

- неліктен қыс бейнесін дәл осы мәдени концепт арқылы берген?

Талдаудың негіздемесі: Абайдың қысты «кәрі құдаға» теңеуі – қазақтың дәстүрлі дүниетанымына терең негізделген поэтикалық бейне. Қазақ мәдениетінде құда – туыстық қатынасты білдіргенімен, үнемі ерекше құрметпен қарсы алуды қажет ететін, күтетін жаққа салмақ түсіретін тұлға болып саналады. «Құда күту» – үлкен жауапкершілікке, сый-құрметке дайындыққа қатысты, белгілі бір деңгейде қиындықтары бар салт. Осы концепті арқылы Абай қыс мезгілінің адамға түсіретін ауыртпалығын және міндетті түрде келетін табиғат заңдылығы екенін бейнелеп, теңейді. «Кәрі» сөзі образдың салмағын аша түсіп, қыстың қатал, қаһарлы сипатын көрсетеді. Бұл перифраз арқылы Абай табиғаты адамдық қарым-қатынаспен байланыстыра отырып, ұлттық ойлау жүйесіне тән көркемдік модель қалыптастырады. Қазақ үшін құданың келуі – қуанышпен қатар, сынақ болып табылатын әдеп-ғұрыптың бір көрінісі. Сол сияқты қыс та – бір жағынан табиғи қажеттілік, екінші жағынан тұрмысқа қиындық әкелетін кезең. Осылайша, Абай өлеңінде қыстың қатал мінезін ұлттық мәдени код арқылы жеткізіп, қазақтың сал-дәстүрімен байланыстыра суреттейді. Бұл тәсіл өлеңнің әсерлілігін күшейтіп, оқырманға қыстың бейнесін ұлттың табиғатына жақын әрі түсінікті етіп көрсетеді.

Зерттеуіміздің анықтау кезеңінде студенттердің перифразаны қаншалықты білетіні, оны түсіну деңгейіне бақылау экспериментін жүргізді. Анықтаудың екінші кезеңінде сауалнама әдісін пайдаланып, сұрақтарға жауап алынды. Алынған нәтижелерге сандық және сапалық тұрғыда диагностика жасалды. Қалыптастыру

кезеңінде студенттердің мәтінмен жұмыс жасауда перифраздарды қолдана алу тиімділігі тексерілді. Тәжірибелік жұмыс нәтижелері білім алушылардың перифразалардың не екендігін, оларды оқыту мен қолданудың қажеттігін түсінгенімен, оның маңыздылығына жете көңіл аудармайтынын байқатты. Перифраза құбылысы жоғары курста стиль түрлерімен танысу барысында жалпы айтылғанмен, тілдік бірлік ретінде арнайы қарастырылмайды. Болашақта осы бағыттағы зерттеулер бір жүйеге түсіріліп, білім мазмұнында арнайы қарастыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Қорытынды

Қазақ лингвистикасында перифраздар халықтың дүниетанымы мен тарихи-мәдени мұрасын танытатын көне заманнан қолданылып келе жатқан бейнелеу құралдары ретінде пайдаланылады. Перифразаларды қолдану аясы кең болғандықтан лингвист-ғалымдар оны бірде публицистикалық стилге жатқызса, енді бірде көркем әдебиет стиліне қарасты зерттейді. Бүгінде лингвистика мен әдебиеттануға байланысты зерттеулерде перифразға әртүрлі анықтамалар беріліп, ұғым түрлі қырынан сипатталады. Алайда бұл анықтамалардың басым бөлігінде мазмұндық қайталаулар орын алып, бірізділік сақталмаған. Бұл талдауда XX ғасырдың ортасынан бастап бүгінгі күнге дейінгі зерттеулердегі тұжырымдарға сай түйін жасалды. Тағы бір байқалған нәрсе, перифраздар түркологияда жеткілікті деңгейде зерттелмеген және қазақ тілінде осыған қатысты монографиялық зерттеулер кездеспейді. Перифразаға қатысты қомақты зерттеулер болмағанымен, кейбір ғалымдар нақты бір жазушының тілін зерттегенде аталған проблемаға тоқталып өтеді. Зерттеуге қатысты еңбектерге табан тірей отырып, перифразаның құбылысты, кейбір заттарды эмоционалды-экспрессивті әрлеп айту үшін қолданылатын тәсіл екендігі студенттермен жүргізілген дәріс және семинар сабақтарында талданып, зерделенді. Мұнда ең алдымен нақты бір түсініктің сипаттамасына негізделген сапалық көрсеткіштер алға шығады. Сөйлемді, мәтінді, айтушының ойын әсерлі, мәнерлі жеткізуде перифраздарды қолданудың маңыздылығы тәжірибеде тексеріліп, нәтижелер өңделді.

Перифраздардың құрылымы фразеологиялық тіркестерге ұқсас келеді, ал мағыналық тұрғыдан троптың түрлерімен сабақтасады. Бұдан бөлек, перифраздардың басым бөлігі екі немесе

бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалып, мағынасы келтірінді болатыны айқын байқалады. Сөйтіп, перифразалар: *бұл-стилистикалық тәсіл; суреттеу мен сипаттаудың номинанттылығы; заттың, құбылыстың ерекше сапасын айқындауға қажет; экспрессивті-эмоционалды сипатқа ие; мәтіннің мазмұнын мәнерлеп ашады;* деген перифразға тән өлшемдерді жіктеп көрсетіп, біз зерттеу қорытындысында төмендегідей анықтамалар ұсынамыз:

1. Перифраз – белгілі бір затты не құбылысты оның тура атауын қолданбай, жанама түрде атау арқылы сол нысанның ең басты қасиетін келтірінді мағынада бейнелі сипаттайтын тілдік тәсіл.

2. Перифраз көркем тіл табиғатын тереңірек ұғынуға, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығын айқындауға, автордың эстетикалық дүниетанымын ашуға және көркемсөз мәдениетінің күрделі дамуын түсіндіруге қызмет ететін тілдік құрал болып табылады.

Қорыта айтқанда перифразаның стилистикада, риторикада белгілі бір нәрсені құбылтып, мәнерлеп, көрікті айту үшін қолданылатын тәсіл ретіндегі маңызы кең. Әдеби, публицистикалық және ауызекі сөйлеу тілінде эмоционалды – экспрессивті сипатқа ие бола отырып, перифраздар мәтіннің көркемдік ерекшеліктерін айқындай түседі.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы, Ө. (2013). Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. Алматы: Абзал-Ай.
2. Амандыкова, Г. (1999). Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар (Канд. диссер.). Алматы.
3. Апресян, Ю. Д., & Апресян, Т. А. (1970). Об изучении смысловых связей слов. Иностранный язык в школе, (4).
4. Ахметов, З. (1998). Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі.
5. Балли, Ш. (1961). Французская стилистика. Москва: Издательство иностранной литературы.
6. Болғанбаев, Ә. (1962). Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Алматы: Мектеп.
7. Бытеева, Т. И. (2000). Перифраза как экспрессивная единица языка: к особенностям семантики. В Языковые бытие человека и этноса: психолингвистический и когнитивный аспекты (Вып. II, сс. 27–32). Барнаул.
8. Грехнева, Л. В. (1999). Перифраза как лингвистическое явление (на материале русской литературы конца XVIII – начала XIX века) (Автореф. дис. канд. филол. наук). Нижний Новгород.
9. Есенова, Қ. Ө., & Кобландина, К. С. (2023). Қазіргі медиа-мәтіндегі перифразалардың прагматикалық ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 1(189), 69–79.
10. Есімова, Ж. (2015). БАҚ тіліндегі перифраз атаулардың тілдік табиғаты мен қолданысы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2, 85–88.
11. Күркебаев, К. (2018). Қазіргі қазақ тіліндегі перифраз лексемалардың номинативтік сипаты. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 1(169), 115–119.
12. Қабдолов, З. (1970). Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Мектеп.
13. Қалиев, Ф. (2005). Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-словарь.
14. Қоңыров, Т. (1966). Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы сөз бейнелеу тәсілдері (Канд. дисс.). Алматы.
15. Москвин, В. П. (2006). Стилистика русского языка. Теоретический курс (4-е изд., перераб. и доп.). Ростов н/Дону: Феникс.
16. Мұхамеджанов, Қ. (1968). Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ауыс мағынасы (Канд. дисс.). Алматы.
17. Салқынбай, А., & Абақан, Е. (1998). Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы.
18. Синина, А. И. (2012). Когнитивно-семантическая и функционально-прагматическая специфика перифразы в современной англоязычной публицистике (Автореф. дис. канд. филол. наук). Волгоград.
19. Сыздық, Р. (1968). Абай шығармаларының тілі. Алматы: Жазушы.
20. Үсенбаева, Г. (1995). Перифраздың тілдік табиғаты (Канд. диссер.). Алматы.
21. Чередниченко, Ю. Е. (2021). К вопросу о функциональном аспекте перифраз. Cyberleninka. Retrieved January 29, 2021, from <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-funktsionalnom-aspekte-perifraz/viewer>
22. Шәменов, К. С. (1959). С. Торайғыровтың лирикалық шығармалары (Канд. дисс.). Алматы.

References

- Ahmetov, Z. (1998). Adebiettanu: Terminder sozdigi [Literary studies: Dictionary of terms]. Almaty: Ana tili. (in Kazakh)
- Aitbaiuly, O. (2013). Qazaq frazeologizmderi men perifrazdary [Kazakh phraseologisms and periphrases]. Almaty: Abzal-Ai. (in Kazakh)
- Amandykova, G. (1999). Qazaq korkem adebi tilindegi perifrazdar (Kand. disser.) [Periphrases in the Kazakh literary language]. Almaty. (in Kazakh)
- Aprasyan, Yu. D., & Aprasyan, T. A. (1970). Ob izuchenii smyslovykh svyazei slov [On studying semantic relations of words]. Inostrannyi yazyk v shkole, (4). (in Russian)
- Balli, Sh. (1961). Frantsuzskaya stilistika [French stylistics]. Moscow: Izdatelstvo inostrannoi literatury. (in Russian)

- Bolganbaev, A. (1962). Qazaq tilindegi sinonimder sozdigi [Dictionary of Kazakh synonyms]. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Byteeva, T. I. (2000). Perifraza kak ekspressivnaya edinita yazyka: k osobennostyam semantiki [Periphrasis as an expressive linguistic unit: On semantic features]. In Yazykovye bytie cheloveka i etnosa: psikholingvisticheskii i kognitivnyi aspekty (Vol. II, pp. 27–32). Barnaul. (in Russian)
- Cherednichenko, Yu. E. (2021). K voprosu o funktsionalnom aspekte perifraz [On the functional aspect of periphrasis]. Cyberleninka. Retrieved January 29, 2021, from <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-funktsionalnom-aspekte-perifraz/viewer> (in Russian)
- Esenova, K. O., & Koblandina, K. S. (2023). Qazirgi media-mattindegi perifrazalardyn pragmalingvistikalыk erekshelikteri [Pragmatic-linguistic features of periphrases in modern media texts]. KazNU Khabarshysy. Filologia seriyasy, 1(189), 69–79. (in Kazakh)
- Esimova, Zh. (2015). BAQ tilindegi perifraz ataulardyn tildik tabigaty men qoldanysy [Nature and usage of periphrastic names in mass-media language]. KazNU Khabarshysy. Filologia seriyasy, 2, 85–88. (in Kazakh)
- Grekhneva, L. V. (1999). Perifraza kak lingvisticheskoe yavlenie (na materiale russkoi literatury kontsa XVIII – nachala XIX veka) (Avtoref. kand. filol. nauk) [Periphrasis as a linguistic phenomenon (based on late 18th–early 19th century Russian literature)]. Nizhnii Novgorod. (in Russian)
- Kurkebaev, K. (2018). Qazirgi qazaq tilindegi perifraz leksemalardyn nominativtik sipaty [Nominative nature of periphrastic lexemes in modern Kazakh]. KazNU Khabarshysy. Filologia seriyasy, 1(169), 115–119. (in Kazakh)
- Moskvin, V. P. (2006). Stilistika russkogo yazyka. Teoreticheskii kurs (4th ed., rev.). Rostov-na-Donu: Feniks.
- Mukhamedzhanov, Q. (1968). Qazirgi qazaq tilindegi sozderdin auys magynasy (Kand. diss.) [Transferred meanings of words in modern Kazakh]. Almaty. (in Kazakh)
- Qabdolov, Z. (1970). Adebiet teoriiasynyn negizderi [Foundations of literary theory]. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Qaliev, G. (2005). Til bilimi terminderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of linguistic terms]. Almaty: Sozdik-Slovar. (in Kazakh)
- Qongyrov, T. (1966). Saken Seifullin poeziyasindagi soz beineleu tasilderi (Kand. diss.) [Figurative means of language in Saken Seifullin's poetry]. Almaty. (in Kazakh)
- Salkynbai, A., & Abakan, E. (1998). Lingvistikalыk tusindirme sozdik [Linguistic explanatory dictionary]. Almaty. (in Kazakh)
- Shamenov, K. S. (1959). S. Torai gyrovtn lirikalik shygarmalary (Kand. diss.) [Lyric works of S. Toraigyrov]. Almaty. (in Kazakh)
- Sinina, A. I. (2012). Kognitivno-semanticheskaya i funktsionalno-pragmaticheskaya spetsifika perifrazy v sovremennoi angloyazychnoi publitsistike (Avtoref. kand. filol. nauk) [Cognitive-semantic and functional-pragmatic specifics of periphrasis in modern English journalism]. Volgograd. (in Russian)
- Syzdyk, R. (1968). Abai shygarmalarynyn tili [Language of Abai's works]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Usenbaeva, G. (1995). Perifrazdyn tildik tabigaty (Kand. disser.) [Linguistic nature of periphrasis]. Almaty. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Рауандина Айтжамал Калкенқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: aitzhamal@bk.ru)

Самархан Санакжан (корреспондент-автор) – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: Sanakjan_87@mail.ru)

Information about authors:

Rauandina Aitzhamal Kalckenkyzy – candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aitzhamal@bk.ru)

Samarkhan Sanakzhan (corresponding author) – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Sanakjan_87@mail.ru)

Сведения об авторах:

Рауандина Айтжамал Калкеновна – кандидат педагогических наук, и. о. профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: aitzhamal@bk.ru);

Самархан Санакжан (корреспондентный автор) – PhD-докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: Sanakjan_87@mail.ru).

Келін түсті 27.10.2025

Қабылданды 01.12.2025